

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 200 – 204

УДК: 811.512.122'373.2

N.A. Shamshen¹, B.M. Suierkul

¹2nd year Master student at Institute of Linguistics named after A.Baitursynov of the SRI SC MES RK and the al-Farabi KAZNU on the basis of the «Gylym ordasy», almasbekkyzv87@mail.ru;

²PhD of Philological Sciences, Docent, akbotakoz@mail.ru

**RELIGIOUS COGNITIVE BASES (GENESIS)
OF SUPERSTITIONS AND PROHIBITIONS CONCERNING
PHYTONYMS**

Abstract: This article considers widespread formed traditional system associations of religious worship, customs of antique turks, modern Kazakh people since ancient times, also content of mythological world perception in the aspect of common human values, cumulative character of sources of folk medicine reflected on language units.

This notion relates to the mystical association.

Phytonyms are names of natural organic existence necessary for human life support and used from generation to generation in daily life.

Universally known that every language has phytonyms and the fact that one plant might have several names within the language. Consequently, the existence of several variants of the plant is the result of human's cognition.

Thereby, authors analyzing phytonomical names representing a special role in onomastic vocabulary which have specific semantics, etymology and internal motivation, focuses on sacred and medicinal properties of plants, mythological representations and role of floras in human's activity.

Key words: religious cognition, worship, beliefs, prohibitions, phytonyms

Н.А. Шамшен¹, Б.М. Суеркул²

¹Магистрант 2-курса магистратуры Института языкоznания им. А.Байтурсынова объединенных с КазГУ им. аль-Фараби НИИ НК МОН РК на базе РГП «Ғылым ордасы»;

²доктор филологических наук, доцент

**РЕЛИГИОЗНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ОСНОВЫ (ГЕНЕЗИС)
ВЕРОИСПОВЕДОВАНИЙ И ЗАПРЕТОВ, ОТНОСЯЩИХСЯ
К ФИТОНИМАМ**

Аннотация: В данной статье рассматриваются сформировавшие распространенную систему традиционных представлений религиозные вероисповедания, обычай древних тюрков, современного казахского народа с незапамятных времен, а также содержание мифологического мировосприятия в аспекте общечеловеческих ценностей, кумулятивный характер истоков народной медицины, отразившиеся в языковых единицах.

Это понятие связано с мистическим представлением.

Фитонимы – это названия природных органических явлений, необходимых для жизнеобеспечения человека и используемых из поколения в поколения в повседневном быту.

Общеизвестной универсалией является то, что в любой язык богат на фитонимы, причем распространенным явлением является то, что в одном и том же языке одно и то же растение может иметь несколько названий.

Следовательно, наличие нескольких вариантов одного и того же растения является результатом человеческого познания.

Таким образом, авторы в процессе анализа фитонимических названий, представляющих собой особую группу ономастической лексики, наделенных специфической семантикой, этимологией и внутренней мотивацией, фокусируют внимание на сакральные и целебные свойства растений, мифологические представления и место мира флоры в жизнедеятельности человека.

Ключевые слова: религиозное познание, вероисповедование, поверья, запреты, фитоним

Белгілі бір халықтың мәдениетін, құндылықтар жүйесін құрайтын ірғелі ұғымдар мен категориялар оның тілінде, құнделікті қолданатын сөздерінде айқын көрініс табады. Ол сөздер қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды адамдардың қалайша қабылдағанын, түсінгенін, өзіндік түйсінуін айшықтайды. Осымен байланысты, тілді адам мен оның санасы, ойлау жүйесі және рухани тәжірибесімен тығыз байланыста алып қарастыру қазірғы лингвистиканың басым бағыттарының бірі болып саналады. Ондағы неғізгі ұғым *галамның ұлттық бейнесін* географиялық, климаттық, табиғи тіршілік ету жағдайлары мен кәсібіне байланысты қалыптасқан салттары мен дәстүрлері қалыптастырады.

Адам заттар мен құбылыстарды өзін қоршаған ортаны игеру барысында біртіндеп таныды. Өсімдіктер әлемін қорек көзі, баспаңа ретінде пайдаланып, олардың көптеген емдік қасиеттері сандаған ауруларға шипа болғандықтан адам баласының өмірінде флора айрықша орын алды.

Бұрынғы түркілер, қазірғы қазактар, дархан далада өмір сүру тәсілдерін қоршаған ортадағы объективті жағдайларға сүйене отырып қалыптастыруды. Сондықтан, тұрмыс пен тіршілік ету белгілі бір деңғейде, өзіндік тәжірибемен жалғасын тауып, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар жүйесін жасады. Демек, тіршілік етудеғі көшпелі немесе жартылай көшпелі тұрмыс, табиғатпен үндестікте болып, барынша тиімді салттар мен дәстүрлерді жинақтады. Ежелгі түркілердің дәстүрлі дүниетанымы да бүкіл жалпыадамзаттық руханиятқа сай мифологиялық кезеңді бастаң кешірді. Осыған орай, байырғы қазактар мифтік дүниеге көзкарас ұстанымдарын дәйекті қалыптастырып, діни сенімдер мен мифтің, астрологияның, бастапқы халықтық медицинаның ажырмаған көріністерін сақтай алды. Сондай көріністердің бірі – нанымдар-сенімдер мен ырым-тыйымдар.

Наным – ырымшылдыққа негізделген аңыз, оған сенуғе де, сенбеуғе де болады, алайда бұл – тәжірибеден және дәстүрден туған халық өмірінің мысалы. Ырым өз алдына бір жақсылықтың немесе жаманшылықтың хабаршысы, адамды сактандыратын белгі іспетті. Ол – шығу теғі мен орындалу барысы жағынан кей жағдайда мистикалық сипат алғатын құбылыс. Қазакта оны «жаман ырым» және «жақсы ырым» деп ажыратады. Ол көп жағдайда өмірлік тәжірибе сынағынан өткізілғен, практикалық болып келеді. Бірақ оның түпкі себебі мен мағынасы кей жағдайда айқын, кей жағдайда көмексі болып қала береді және белгілі бір ниеттер мен пигылдарды мензеп тұрады. Мәселен, «аяғынды қекке көтерме», «қоқті жұлма», «топыракты үйме», «үйге қарай атпен шаппа» деғен қағидалар – жаман ырым, себебі, үйге қарай атпен шабу жаман хабарды жеткізуін, қарбалас сөт пен соғыс жағдайындағы көрініс деп пайымдалады да, ондай жаманшылықтарды аулақтату үшін құрылады. Ал жақсы ырым, мысалы, талантты, қоғамдағы беделді адамның есімін баласына қояды, ол өзінің үрпағы да сондай «биік мәртебеге көтерілсін, ұқсасын» деғен ниеттен туған. Қазак халқында ырымдар өте көп және сан алуан болып келеді. Бұнда этикеттен бастап, мистикалық түсініктер, құнделікті жүріп-тұрудың нұсқалары көрініс табады. Осыған орай, қазакта «тыйым» ұғымымен байланыстағы «ырымдар» да, яғни «табу», немін жасауға болмайды және немін жасауға рұксат етілетіндігін ашып көрсететін әрекет немесе ой, тінің сөз бен іс бар [1, 15-28 бб.]. Осы сынды біздін заманымызға дейін жеткен ырым-нанымдарың қөшпілі пұтқа табынушылықтың (тәніршілдік, шамандық, сопылық, т.б.) іздерінен, Құранның жекелеген сүрөлөрінде баяндалатындықтан да халық арасында киелі, қасиетті деғен ұғым қалыптасқан. Бүгіндегі бұл белгі-нышан түріндегі аныздардың кейбіреуі тарихи тұрғыдаған қызықты болуы мүмкін, бірақ олардың арасында адамдардың өмір сүруіне, рухани және материалдық байлықты жасап, көбейтуіне көмектесетіндері де аз емес.

Біз осы мақалада қасиетті деп таныған түсінікке неғізделген өсімдіктердің киесі мен емдік қасиетіне арнайы токталуды мақсат еттік. Себебі, адамзаттың тіршілік етуі барысында өсімдіктер әлемінің алғатын орны ерекше екендігі аян. Мәселен, тұрмыстық өмірімізде жиі қолданылатын: бидай, пияз, сарымсақ, жасымық, құрма және жүзім, ажур (қияр текстес), аскабақ, райхан, дәмдеуінтер, зімбір, кара бұрыш, беде (клевер), кыша, камфора, адыраспан, арша сияқты 54 түрлі өсімдік түрі жайында Құранда баяндалған [2]. Бұл өсімдіктер қасиетті Құран кітабына жайдан-жай енбеген. Олардың әрқайсысының адам денсаулығына тигізетін пайдасты бар. Сол себепті, атальыш өсімдіктер халық санасында киелі ұғымдар катарынан орын алған.

Қазактар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір өсімдіктер мен жануарларды, құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Осы атальшандарды құрмет тұту, ырым жорасын жасап тұру – адам баласына байлық пен бақыт, яғни, құт экеледі деп түсінеді. Ал, осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу – жоқшылыққа душар етеді. Сондай құдіретті құші бар жан-жануарларды киесі бар немесе өсімдік атаулыны қасиетті дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлар, өсімдіктер мен заттардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенін ашуы, қаһары – *кесір* деп аталауды.

Қазірғы медицинада қолданыста жүрген дәрі-дәрмектердің 40 пайыздай белгі өсімдіктер дүниесінен жасалады екен [3]. Қоршаған орта өскіндерінің адам ағзаларын жақсартуға осында өлшеусіз көмегі барын біздің ата-бабаларымыз бағзы замандардан бері жақсы білғен. Ал бүгіндегі медицина дәлелдеп отырған, адам ағзасына пайдасты зор барлық өсімдіктердің Құранда аты атальшандығы белгілі болды. Ол өсімдіктер көптеген аурулардың алдын алып, емдеуғе оң әсер ететіні дәлелденген. Жеміс-жидектер Жер анадан қорек

алған ағаштарда өседі, осылайша табиғаттан пайдалы, шипалы қасиеттерді сініреді. Мұның бәрі, эрине, ұлық Алла Тағаланың құдіреті!

Сонымен, халқымыз дәрүлік шипасынан бөлек әулиелік қасиеті мол санаған шөптерінің бірі *адыраспан* деп аталағы. Ата-бабаларымыз оны үйдің босағасына іліп қойып, осы арқылы отбасын алуан түрлі бәләжелерден сақтауға тырысқан. Осы өсімдіктің түтінімен үйдің ішін түфел ыстаپ, сол жын-шайтандарды, жаман адамдардың лас ниеттері мен қарғыстарын шаңырактан аластайтын болған.

Атам қазак өзі аса киелі деп білғен бұл өсімдікті өсіп тұрған жерінен жұлдып аларда да оның әдеп-ибасын қатаң сақтаған. Біріншіден, оны қауызы толық, тұқымы толық піскен кезде ғана жұлған. Екіншіден, ер адамның ғана жұлудына рұқсат етілген. Үшіншіден, сол жұлатын адамның жаны ғана емес, үсті-басы таза, дәреті бар екенине мән берілген. Төртіншіден, жұлушы кісі міндегі түрде Аллаға құлшылық етіп, «Бисмиллахи-ир-рахман-ир-рахим! Мен келдім әр нәрсеге, адыраспан, Атыңды қойған екен Омар, Оспан. Бисмиллахи-ир-рахман-ир-рахим!» деп барып, өсімдіктің сағағына қолын тигізген (бұл жердеі Омар мен Оспан – пайғамбарымыз Мұхаммед ғалейни-ас-саламның әйгілі төрт сахабасының екеуі).

Тілімізде адыраспан фитонимінің қатысуымен жасалған «Адыраспан тұтету» деғен тілдік бірлік бар. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде оған мынадай анықтама берілген: «Жын-шайтан, пөле-жәлені, ауру-сырқауды, тіл-көзді қуамын деғен нағым-сеніммен қураған адыраспан бұтақтарын жағып, үйдің т.б. іші-сыртын айналдыра түтіндету, аластай» [4, 96 б.]. Бұл тіркес еліміздің онтүстікі мен онтүстік-шығысындағы тұрғындардың сөзжұмысамында тұрақты қолданылады.

Сондай-ақ, адыраспан – барынша улы өсімдік. Оның мұндай қасиеті барын аталмыш өскінді ыстау үшін отқа тиғізген кезінде шығатын ашы түтінінің өзі байқатады [5]. Сондықтан оны емдік мақсатта пайдаланғанда барынша абай болған жөн.

Адыраспан шебінен жасалған дәрілер қабыну ауруын, бас, зәр айдауды жаксарту, тер шығару, ішек құрттарын өлтіру, орталық жүйке жүйесін қоздыру үшін қолданылады.

Халықтық медицинада да адыраспан шебін қолдану кең қанат жайған. Мәселен, адыраспан шебінен қолдан дайындалған тұнбаларды емшілер бұдан да басқа алуан түрлі науқастарды жазу үшін пайдаланады. Айталық, адыраспан тұнбасымен ішкі мүшшелерге сұық тиғенін, малярия, безәек, мерез ауруларын жазған. Сол сияқты емшілер шөптің тұнбасымен ірі кара малдарының қотырын емдеғен. Шөптің қайнатпасын невростения және қояншық ауруларына қарсы ішкізеді. Ауыздың қызыл иегі ауырганда оны сол қайнатпамен шаяды. Бұдан бөлек, адыраспаңды іш ауруының алғашқы кезеңінде жазуға пайдаланады. Адыраспан түтінімен сал ауруын емдейтін де емшілер бар. Оның жапырағын ісікке таңып, булама жасаса, ол тез кайтады. Кейбір елдерде адыраспаңды ішек құртқа қарсы инсекцидік құрал ретінде қолданады. Көзі нашар көретін кіслерді адыраспаңды бал мен шарапқа араластырып емдейді. Атальыш шөптің емдік қасиеттері бұдан да көп.

Адыраспан ерітіндісінің ауыл шаруашылығындағы зиянкестермен күресте де орны ерекше. Ол сонымен қатар ертеден бояғыш зат ретінде кәдеге асады. Оның тұқымынан неғізінен жүннен тоқылған бұйымдарды бояйтын бояу алынады. Мәселен, ши тоқымасында әлі күнге дейін адыраспаннан жасалған бояуды пайдаланады. Түркияда ерте кезеңдерден ак адыраспаннан қызыл бояу алып, онымен өздерінің ұлттық бас киімдері – фесканы бояған.

Ал шөптің киесіне байланысты ырымдар өз алдына бір бөлек. Халық арасында өздерінің тұрып жатқан үйлерін, баспаңасын тіл-көзден, жын-шайтаннан тазартамыз деп, адыраспан тұтатып, түтіндеп аластап жататыны тағы бар. Бұл – негіzsіз де емес. Оның себебін адыраспаңның түрлі микробтарды өлтіретін дезинфекциялық қасиетінен іздеғен жөн. Мұны жын-шайтанды аластайтыны немесе ісінен жын-жыбырдың қашатындығы жайлы ерекшелігімен де түсіндіруға болады.

Халық ұғымында қасиетті, киелі деп саналатын осындағы өсімдіктің бірі – арша. Аршамен аластағанда жын-шайтандар, ауру-сырқау, жалпы жамандық атаулы құылады деғен түсінік қалыптақсан. Бұл тегіннен-тегін айтылған сөз емес. Себебі, ғалымдар аршаның ең алдымен ауаны тазартушы өсімдік екенін айтады.

Мәселен, аршаның бір тұбі жылына орта есеппен 1 тоннадан аса көміртеңі ғазын жұтып, айналасына 1,5 мың литр оттегін бөліп шығарады екен. Арша ағашы ауаға оттеғімен қоса ұшпалы заттар – фитинониттер бөліп шығарады. Олар айналасындағы ауру тудыратын микробтарды жойып жібереді екен. Яғни, бактериялар мен санырауқұлактарды және бунақденелілердің өзін де өлтіретін фитонидтік қасиеті бар. Оның жемісінде аса көп мөлшерде қант, сонымен бірге шайыр (древесная смола, камедь, канифоль). түрлі қышқылдар, юниперин пигменті және эфир майы кездеседі. Бұлар өсімдік жанған кезде түтін арқылы бөлінеді.

Аршаның қылқанында, сабағында және жемісінде антисептикалық әсері мол 5 пайызға дейін эфир майы болады. Бұдан біз аршаның бактериялардың көбеюін тоқтататын әсері күшті екендігін байқаймыз. Сол себепті, одан түрлі микробтарды жоятын дәрі-дәрмектер алынады.

Жалпы халық емінде арша ағашы ежелден-ақ несеп айдайтын, қуықтың, тістің қабынуын басатын дәрі ретінде де белгілі. Ертеректе өкпе, тері және астма ауруларын аршамен емдеғен. Тұмаудың алғашқы белгілері яғни түшкіру, мұрын біту, т.с.с. біліне бастағанда, үй ішін аршамен аластauға болады, ол үйдегі микробтарды өлтіреді, сонымен бірге, түтінін іскеу тұмаудың алдын алуға көмектеседі. Тінті, ежелі Рим мен Грекияда да жылан шаққан кезде пайдаланған екен.

Арша ағашының басқа ағаштарға қарағанда эколоғиялық ахуалды тазартуға тиғізер пайдасы мол. Бір арша ағашы шығаратын оттегінің мөлшері 25-30 адамның тыныс алуына жетеді екен. Оған қоса, 20-25 тонна шаң тозанды залалсыздандырады және көктемнен күзғе дейін микробтарды жояды [5].

Қасиетті болатыны – оған анау-мынау ауру-сырқау жоламайды. Сондықтан, қазак балаға бесікті арша ағашынан жасаған, мұндай бесікке қызымық, қара шешек сияқты бөлелі аурулар дарымайды. Аршаны халқымыз үй ішін, бала бесігін тазартып аластау үшін де пайдаланып отырған.

Арша ағашының осындай қасиеттерін ерекше ескергенін дана халқымыздың «Ағаштардың анасы – арша» деғен сөзінен аңғаруға болады. Ертеде елден жырақ кеткен азаматтар бойтумар ретінде арша ағашының кесінді жаңқасын алғып кететіндігі, әрі мейірлене ііскең мауқын басатындығы жайлы нақты дәлелді әдебиетімізден кездестіреміз. Мысалы үшін, Мұзафар Әлімбаевтың:

Не саған бойтумардың көмегі бар?
Иіскесем, ем дарулық себебі бар
Тұмарда дұға орнында –
Тұған жер аршасы бұл! - деғені бар

дайтін өлең жолдары – аршаның тұмарлық қасиетін өз жырына арқау еткендіғі.

Осы сынды киелі өсімдіктер жайлы ырым-тыйымдар халық арасында өте көп. Соңдай ырым-тыйымдардың бірі дәнге (бидайға) қатысты. Оны мына мысалдан байқаймыз. Қазакы ортада егін еғу барысында қарызға дән сұраса, дәнді адам емес, қара жер тілеп жатыр деғен сеніммен, қиналмастан сұраганын толық береді. Тінті, түк жоқ деғен күнде де бір уыс дән ұстатауды. «Егін әлей болсын!», «Егер көбейсін!» деп тілек айтып, қарыз сұраушыны жылы шыраймен шығарып салады. Мұндай тілдік бірліктерде үйден дән арылмасын, дән тасып, елдің қажеттіне жасап, ырысы молайсын деғен ниетті білдіретін наным-сенім таңбаланған.

Соңдай-ақ халық арасында бақылық болған адамды үйден шығарада аяқ жағын есіккө туырладап, аруақ үйден дәмін біржола үзін кетсін деғен ырыммен дән түйілген ақ орамалды басынан айналдырып алғып қалатын ырым да бар.

Қырманға астық бастырап алдында егінші Диқан атаға сиынып, бір шайнам дәнді аузына салып: «Дән дәмді болсын, ішер көбейсін!» деп тілек айтып барып іске кіріседі. Мұнысы – қырмандағы дән шашылмасын, алдымен өзіміз ауыз тиелік, бізғе ырыс, береке экелсін, басқаға жем боп кетпесін деғен ниетті білдірғені. Дәнді жерге төріп ысыраптауға тыйым салады. Әйтпесе, о дүниеге барғанда ақ түйе мінгізін, түйе үстінен дән терізеді деп есептеп, ұрпағын ысырапшылдықтан сақтануға шакырып, дәннің (бидайдың) қадіріне ерекше назар аударткан.

Аспаннан Әбілхаят суы жауса да,

Тал ағаш жеміс бермейді.

Әбілхаят - мәңгі өмір дарытатын қасиетті су. Мұндағы әб - су, хаят - өмір деғен мағынаны білдіреді. Оны Қызыр пайғамбар тапқан, ол суды ішкендейді, мәңгі өмір сурәді деғен әпсана бар. Осылай кие дарыған Қызыр пайғамбар елсіз шөл далада қындыққа душар болған жолаушыны жалеп-жебеп жүреді. Әсіреле байырғы өлең жырларда Қызыр мен Илияс аталардың аты қатар аталады. Әдетте қатар қолданылғанымен, Қызыр құрлықта, Илияс теңіз сапарында жүрген жолаушыларды колдап, жебеп жүреді деғен сенім бар. Соңдай-ақ, ел арасында мынандай әпсана бар: Ескендір патша мәңгі тірі болып қалу үшін өмір суын іздейді. Оған перілер көмектесіп, аңсаған арманы орындалады. Патша өмір суын ішпес бүрін ойға кетеді. "Егер мұны ішсем мың жасайды екенмін, болашакта мені не күтін тұрганы да бұлдыр, одан да Құдайдың өзі берген жасын жасап, өлшеулі күнін кешейін" деп бас тартады да, қасиетті су толтырылған торсықты балқарағайдың бұтағына іле салады. Сол торсықты карға шоқып, тесіп жібереді. Содан қарға мен әлгі балқарағай ағашы мың жасайтын болған екен деседі...

Бұл мифтің тағы бір нұсқасында Ескендір патша өмір суын торсыққа құйып әкеле жатып, қарағайдың түбінде демалып жатқанда құзғын шоқып, тесін жібереді де, киелі су қарағайға, аршаға төғілғендіктен, ол ағаштар жап-жасыл болып, мәңгі жасайтын болады. Судың жердеғі қалдығын тулкі жалап, жұні ағарғанша, тұмсығы тиіп құзғын да ұзак жасайтын болғандығы айтылады. Жалпы түркі-монгол халықтары, соның ішінде қазактар мәңгі суды Тәнірдің сыйы, адамның жанын мәнғілік жасарту үшін жасалған шипалы су деп ұғады. Мәңгі су ұғымымен мәндес зәмзәм (Меккеде), қоусар (Жұмакта) деп аталатын қасиетті сулар да бар [6].

Бұл мысалдардан халық даналығының қасиетті Құран кітабымен үндесіп, қабысып жатқандығы анық көрінеді. Осы сынды діні кітаптарда аталатын киелі өсімдіктердің барлығы дерлік атам қазактың ұрпағына өсінет еткен ырым-тыйымдарында кездесіп отырады. Олар туралы деректердің бір макала аясына сыйғызу мүмкін де емес. Сондықтан өсімдіктердің халық танымындағы орнын, тілдік ұжым санасында қалыптасып орнықкан ролін жан-жакты сипаттау үшін арнайы зерттеу жүргізу қажет. Жалпы тіл білімінде ондай зерттеулер бірлі жарым кездескенімен [7; 8] қазақ тілінің материалдарын бұл аспектіде арнайы карастыру тәжірибелі жеткіліксіз деуғе болады.

Жогарыда көлтірілген ой-тұжырымдардың тобықтай түйіні, қазіргі күнге дейін тілімізде сақталып келе жатқан қазақ халқының ырымдары мен наымдарының негізгі қызметі жас ұрпақты жаманшылық пен өмір қындықтарынан сақтандыру мен қорғау, адами ізгілік дәстүрімен тәрбиелу, ұлкендерді және шынайы халық өсietтерін күрметтеуге баулу болмак.

ӘДЕБІЕТТ

- [1] Байтенова Н.Ж., Туганбаев К. ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. - №1 (1). – 2015. 15-28-бб.
- [2] <http://e-islam.kz>
- [3] <https://halvkemi>
- [4] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1 том. Алматы, 2011. –752 б.
- [5] <https://kk.wikipedia>
- [6] Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011.
- [7] Хатхе А. А. Номинации растительного мира в когнитивном и лингвокультурологическом аспектах. Дисс. ... к.филол.н. – Майкоп, 2010. стр. 264.
- [8] Акулинина Е. П. Система флористических текстовых единиц в творческой картине мира Б.А.Пастернака. Дисс. ... к.филол.н. – Тамбов, 2009. стр. 257.

Н.А.Шамшен¹, Б.М.Сұйерқұл²

¹«Ғылым ордасы» РМК базасындағы ҚР БФМ FK FЗИ-лардың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлескен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты магистратурасының 2-курс магистранты;
²филология ғылымдарының докторы, доцент

ФИТОНИМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҮРҮМДАР МЕН ТҮЙЫМДАРДЫҢ ДІНИ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ (ГЕНЕЗІСІ)

Аннотация: Мақалада сонау гасырлар қойнауынан келе жатқан ілкі замандағы ежелгі түркілер, қазіргі қазақ халқының кең тараған салт-дәстүрлері мен діни наым-сенімдерін, әдет-тұрыптар жүйесін, сонымен қатар жалпы адамзаттың руханиятқа сай мифтік дүниеге көзқарас, ұстанымдарын қалыптастырган тілдік бірліктердің мазмұны мифтік сананың, бастапқы халықтық медицинаның көріністерін сактауы тұргысынан қарастырылады. Бұл ұғым мистикалық сипат алатын құбылыс. Адамзат өміріне қажетті, ұрпактан-ұрпакқа беріліп келе жатқан күнделікті тіршілікте пайдаланылатын табигаттагы органикалық құбылыстардың атауы – фитоним екені заңдылық. Қай ұлттың тілі болса да фитонимдерге бай және әр өсімдіктің бір тілдің ішінде бірнеше атауга ие болуы жиі кездесетін құбылыстың бірі. Ягни болмыстың накты бір нысанының бірнеше атауга ие болуы – адамның танымдық тәжірибесінің нәтижесі. Демек, ономастикалық лексика құрамындағы компоненттері семантикалық, этимологиялық, уәжділік жағынан ерекшеленіп, айрықша топ құрайтын сөздердің бірі фитонимдік атауларды авторлар қасиетті деп танылған түсінікке негізделген өсімдіктердің киесі мен емдік қасиеттеріне тоқтала отырып, мифтік сипаттағы құбылыстарды, адамзаттың тіршілік етуі барысында өсімдіктер дүниесінің алатын орнын талдауга көніл бөледі.

Тірек сөздер: діни таным, наым-сенім, ырым, түйым, фитоним.